

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«№111 ОРТА МЕКТЕП»
Коммуналдық мемлекеттік
Мекемесі



Коммунальное государственное
учреждение
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА № 111»
АКИМАТ ГОРОДА
АСТАНЫ

010000, Астана қаласы, Нұра ауданы
Төле би көшесі, 24
тел. ф. +7 (7172)50-17-65
111mektep.edu@mail.ru

010000, город Астана «Нұра», район
Улица Төлеби, 24
тел. ф. +7 (7172)50-17-65

111mektep.edu@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 50
« 04 » 06 20 25 г.

ПРИКАЗ № _____
« _____ » _____ 20 ____ г.

**Ата-аналардан заңсыз ақша
жинауға және сыйлық беруге
тыйым салу туралы**

Астана қаласының Білім басқармасы ММ-нің 2025 жылғы 03 наурыздағы № 107-04-30/389 бұйрығын басшылыққа ала отырып, ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым салу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау үшін, педагогикалық ұжымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру және мұғалімдерге сыйлық беруге тыйым салу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагогикалық ұжым мен ата-аналарға заңсыз ақша жинамау жөніндегі түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

2. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға, жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, аттестациялауға, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақша жинау сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге және әкімшілікке атқаратын лауазымынан босатуға дейінгі қатаң шара қолданылсын.

3. Оқушылар, педагогтар және ата-аналар арасында мектеп түлектеріне аттестат беру, мектеп бітіру кешіне заңсыз ақша қаражатын жинамау жөніндегі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. Жауапты директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары: С.С.Мейрамбаева, Д.Н.Сералина, Г.О.Баешова, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Ұ.Е.Кенжетоева, Р.Г.Закирова, директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Г.Р.Махмутоваға жүктелсін.

4. Мектеп іс-шарасына қаражат жинауды болдырмау үшін мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне қандай-да бір сыйлық беруге тыйым салынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Д.М.Джумартова